

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2017 жылғы «27» маусым

2017 жылғы 1 маусымдағы БЖЗК негізгі көрсеткіштеріне қысқаша шолу

Қазақстанда зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 7 трлн. теңгеге жетті

2017 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 6,99 трлн. теңге болды және жыл басындағы көрсеткішпен салыстырғанда 309,6 млрд. теңгеге (4,6%) өсті. Ал 2 маусымда қазақстандықтардың зейнетақы активтері 7 трлн. теңгеден асты.

2017 жылдың 5 айы ішінде зейнетақы жарналарының сомасы 300,6 млрд. теңгені құрады. Сонымен қатар 2017 жылдың 5 айы ішінде міндетті зейнетақы жарналары бойынша түсімдердің орташа айлық мөлшері 57 млрд.-тан астам теңгені құрады.

2017 жылғы қаңтар – мамыр айларында БЖЗК-дан төленетін зейнетақы төлемдерінің сомасы 106,03 млрд. теңгені құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 24 пайызға жоғары (85,5 млрд. теңге). Бұл ретте жүзеге асырылған зейнетақы төлемдерінің 73,8 пайызы (немесе 78,3 млрд. теңге) зейнеткерлік жасқа толуға байланысты төлемдерді құрады, 1,5 пайызы (1,6 млрд. теңге) – мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленген 1 және 2 топтардағы мүгедектерге; ал 6,9 пайызы (7,3 млрд. теңге) – ҚР шегінен тысқары жерлерге тұрақты тұруға кетуге байланысты төленді; 8 пайызы болса (8,4 млрд. теңге) – мұрагерлерге төленген төлемдер; 9,8 пайызы (10,4 млрд. теңге) – сақтандыру ұйымдарына аударылған зейнетақы жинақтарының сомасы.

Қарастырылып отырған кезең ішінде жеке зейнетақы шоттары санының таза өсімі 14,4 мың шотты құрады, оның ішінде 154 мыңдай ЖЗШ ашылса, 140 мың ЖЗШ жабылды.

Осылайша, 2017 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша шарттардың барлық түрлері бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) саны 10,06 млн. бірлік, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен ашылған шоттардың саны 9,6 млн. бірлік болды.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша салымшылардың ЖЗШ саны 429 мың бірлікті құрады. Ал ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша 39 мың бірлік болды.

Жыл басынан бері салымшылардың шоттарына үлестірілген таза инвестициялық табыс 114,4 млрд. теңге болды.

Салымшы (алушы) өзінің ЖЗШ-сындағы зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы (оның ішінде есептелген инвестициялық табыс туралы) ақпаратты БЖЗК-ның 231

дербес қызмет көрсету орталықтарының бірінен, сондай-ақ пошта байланысы, электрондық пошта, БЖЗҚ сайты немесе ұялы қосымша арқылы ала алады.

2017 жылдың 5 айы ішінде БЖЗҚ-ның дербес қызмет көрсету орталықтарында шамамен 3 млн. операция жасалды, яғни күн сайын БЖЗҚ кеңселерінде тұрғындарға қызмет көрсету аясында 25 мыңдай операция жасалады деген сөз. Олардың ішінде МЗЖ, МКЗЖ және ЕЗЖ бойынша ЖЗШ ашу үшін 153,6 мың өтініш, төлемдерді рәсімдеу бойынша 131,7 мың өтініш қабылданды, 782,6 мың мыңнан астам үзінді-көшірме берілді, ақпарат беру тәсілін айқындау/өзгерту бойынша 585,5 мың келісім рәсімделді.

Соңғы уақытта зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат алудың электрондық тәсілінің танымалдығы артып жатыр. Күні бүгінге дейін 754,5 мың адам зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпарат алу бойынша «электрондық пошта арқылы» тәсілін таңдаған. Ал 3,3 миллионнан астам адам бұл үшін Қордың ресми сайтын немесе әртүрлі операциялық жүйелерде жұмыс істейтін смартфондар мен планшеттерге арналған «ENPF» ұялы қосымшасын пайдаланады.

Салыстырар болсақ, 2014 жылдың шілдесінде *(жеке жинақтаушы зейнетақы қорларынан активтер мен міндеттемелерді, сондай-ақ салымшылар туралы мәліметтерді БЖЗҚ-ға қабылдау үдерісі аяқталған соң)* интернет-хабарландыру тәсілін таңдағандардың саны бар-жоғы 334,8 мың адамды құраған болатын.

2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бұл көрсеткіш 1,08 млн. адамға дейін өсті, 2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша – 2,66 млн. адам. Осылайша, биылғы жылдың басынан бері 640 мыңнан астам адам ақпарат алудың осы бір ыңғайлы да жедел түрін таңдады.

2017 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ұялы қосымшаны жүктеп алу саны 797,4 мың болды. Жыл басынан бері жүктеп алу саны 287,7 мыңға дерлік көбейді немесе 56 пайызға артты.

Одан басқа, 2017 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы жүйесі салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру» қызметі арқылы электрондық үкімет порталы арқылы салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарынан 512 мыңнан астам үзінді-көшірме берілген. Салыстыратын болсақ, осы портал арқылы ағымдағы жылдың басындағы жағдай бойынша 352 мың үзінді-көшірме берілген еді.

Салымшы (алушы) БЖЗҚ-ға өзі келіп, не болмаса 1418 тегін нөміріне қоңырау шала отырып телефон арқылы, әлеуметтік желілер, сондай-ақ қашықтықтан: Қордың корпоративтік сайтындағы «Кері байланыс» нысаны, «онлайн-чат», «Төрайымның Блогы» және «Қоғамдық қабылдау» арқылы құпия ақпараттан басқа барлық өзін қызықтырған мәселелер бойынша кеңес ала алады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге

асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңына сәйкес зейнетақы төлемдерін алу құқығы туындаған шақта бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының, инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген мөлшерінде сақталуына мемлекет тарапынан кепілдік берілген.